

1- Тақырып: Құқық қорғау органдары түсінігі, олардың негізгі белгілері мен міндеттері. Құқық қорғау органдарының қызметі

Дәрістің сұрақтары:

1. Құқық қорғау органдары түсінігі, белгілері және міндеттері.
2. Құқық қорғау қызметтерінің басты бағыттары.
3. Құқық қорғау органдары, оның түсінігі мен жүйесі.
4. Құқық қорғау органдары оқу курсының пәні, жүйесі.

Құқық қорғау органдарының түсінігі, белгілері және міндеттері. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік органдарының қызметтері қоғам өмірінің алуан түрлі саласын қамтиды. Бір мемлекеттік органдар еліміздің экономиканың дұрыс қалыптасуына әсер етсе, екіншісі сыртқы саясатты жүзеге асырады, ал үшіншісі еліміздің қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етіп отырады және тағы басқа да мемлекеттік органдар мемлекеттің маңызды деген мәселелерін шешіп отырады.

Дегенмен, аталған мемлекеттік қызметтердің ішінде, заңдылықты және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қызметі ерекше маңызды орында тұрады. Себебі, Қазақстан Республикасында заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету арқылы азаматтардың құқықтары мен бостандықтары қорғалады.

Ал, Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында ең басты құндылық - ол адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Сондықтан, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету құқық қорғау қызметінің басты мәселесі болып табылады. Осыдан көрінітіндей, мемлекеттік қызметтің ішінде, құқық қорғау қызметі басты орын алады.

Құқық қорғау қызметтерін дұрыс түсіну үшін алдымен құқық қорғау қызметінің белгілерін жақсы түсіну қажет. Сондықтан, құқық қорғау қызметінің белгілері мыналар:

- 1 құқық қорғау қызметі кез келген тәсілмен емес, тек заңда белгіленген құралдары арқылы жүзеге асырылады. Заңда белгіленген құралдарына жатады, атап айтсақ мемлекеттік күштеу шаралары (мысалы, егер адам қылмыс жасаса, онда сот сол қылмыс жасаған адамға қатысты жаза тағайындайды немесе заңмен белгіленген басқада әсер ету шараларын қолдана алады, айыппұл, қоғамдық жұмыстар). Демек, заңдық әсер ету құралдарының ішінде, заң бұзушылықтарды ескерту және оларды алдын алу шаралары басты орын алады.
- 2 құқық қорғау қызметін жүзеге асыру кезінде заңдық әсер ету шаралары тек қатаң заң талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Нақты әсер ету құралдарын қолданудың негізі болып әрқашанда тек заң болып табылады. Әсер ету құралдарын қолдану кезінде заң нормаларына сілтеме жасалуы қажет. Мысалы, адам біршама уақыт бойы көші-қон органдарынан заңда белгіленген тәртіп бойынша тіркеуден өткен жоқ болса, онда арнаулы органдар сол адамға қатысты әсер ету шарасы ретінде тек айыппұл ғана салынады. Демек, сол адамның заңсыз іс әрекеті үшін қамауға алуға немесе оған жаза беруге болмайды.
- 3 құқық қорғау қызметі әрқашанда нақты тәртіптерді сақтау арқылы заңда белгіленген ережелермен жүзеге асырылады. Мысалы, сот адамға қатысты үкім шығармас бұрын, мыналарды орындау қажет:
 - а) сот талқылауына тараптар қатысады және олар дәлелдемелерді жан жақты, толық зерттеуі қажет;
 - б) сот үкімі арнайы кеңесу бөлмесінде талқылануы қажет.
- 4 құқық қорғау қызметін әрқашанда арнайы мемлекеттік органдары жүзеге асырады. Арнайы мемлекеттік органдар деп аталуы мынамен түсіндіріледі.
 - а) аталған органдарда арнайы дайындықтан өткен азаматтар жұмыс атқарады (мысалы, ҚР-сы Ішкі істер Академиясы, ҚР-сы Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Академиясы, ҚР-сы Қаржы полициясы Академиясы, Жоғарғы оқу орындарының заң факультеттері).

б) аталған органдар арнайы тәртіптер бойынша құрылады, қайта құрылады немесе таратылады (көп жағдайда, құқық қорғау органдарын ҚР-сы Президенті құрады).

в) аталған органдарда міндетті түрде заңгерлер жұмыс атқарады (мысалы, судья, прокурор, тергеуші, анықтаушы, адвокат).

г) аталған органдардың қызметтері тек арнайы заңдермен реттеледі (мысалы, ҚР-сы сот жүйесі туралы заңмен, Прокуратура туралы заңмен, ҚР-сы Қылмыстық істер жүргізу заңымен және т.б.).

ғ) аталған органдардың арнайы өкілеттіктері бар (мысалы, азаматтарды ұстауға, қамауға алуға, қылмыстық жазаға тартуға).

Міне, жоғарыда аталған барлық ережелерді талдай отырып, біз құқық қорғау қызметінің түсінігін аша аламыз. Яғни, құқық қорғау қызметі дегеніміз - бұл заңға сәйкес және заң талаптарын қатаң сақтау арқылы құқық қорғау мақсатында заңда белгіленген әсер ету шараларын қолдануға өкілеттігі бар арнайы органдардың мемлекеттік қызметі.

Құқық қорғау қызметтерінің міндеттері туралы мәселеге келсек, онда оның міндеттінің түсінігі мен мазмұны заңда толық әлі шешілмеген.

Бірақ, құқық қорғау қызметінің міндеттері тіптен жоқ дегенді білдірмейді. Құқық қорғау қызметінің міндеттері бар және олар бірқатар нормативтік құқықтық актілерде анықталады. Мысалы, құқық қорғау қызметі ретінде ҚР-сы Ішкі істер министрілігінің өзіндік міндеттері болса, онда прокуратураның өзіндік міндеттері болады, ал Ұлттық қауіпсіздік органдарының міндеттері де өзгеше, ал соттың міндеттері де қайталанбас өзіндік міндеттері бар.

Сондықтан, құқық қорғау қызметінің міндеттері, алдымен сол құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын құқық қорғау органдарының міндеттерінен көрінеді.

Құқық қорғау қызметтерінің басты бағыттары. Өзінің мазмұны бойынша құқық қорғау қызметі алуан түрлі екеніне көзіміз жетті. Алуан түрлі болуына құқық қорғау қызметтерінің көптігі әсер етеді. Сондықтан, құқық қорғау қызметінің бағыттары мыналар:

а) сот төрелігі;

б) сот қызметтерін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

в) прокурорлық қадағалау;

г) қылмыстарды анықтау мен тергеу;

ғ) заң көмектерін көрсету.

Аталған әрбір құқық қорғау бағыты өзінің мақсатына жетуге бағытталады. Мысалы;

а) сот төрелігі - іс бойынша әділ, заңды үкім не шешім шығару;

б) сот қызметтерін қамтамасыз етуді ұйымдастыру - сот билігі қалыпты деңгейде жұмыс жасауы;

в) прокурорлық қадағалау - заңдардың дәл әрі бірыңғай орындалуы;

г) қылмыстарды анықтау мен тергеу - қылмыстарға сапалы тергеу жүргізу;

ғ) заң көмегін көрсету - азаматтардың құқықтарын қорғау.

Осы аталған мақсаттарды тиімді орындау арқылы ғана құқық қорғау қызметтерінің жалпы міндеттері орындалады. Аталған құқық қорғау қызметінің әрбір бағытының өзіндік маңызы бар. Сондықтан, мына құқық қорғау қызметінің бағытының маңызы төмен немесе жоғары деп айта алмаймыз.

Дегенмен, аталаған бағыттардың ішінде сот төрелігі басты орын алады. Енді түсінікті болуы үшін сот төрелігін ашып қарастырайық.

ҚР-сы Конституциясы мен сот жүйесі туралы заңға сәйкес сот билігінің басты әрі маңызды нысаны ол сот төрелігі.

Сот төрелігін дұрыс түсіну үшін біз оның белгілерін жақсы білуіміз қажет. ҚР-сы Конституциясының 75, 78 баптары мен сот жүйесі туралы заңының нормаларын талдай отырып, сот төрелігінің мынадай белгілерін шығара аламыз: сот төрелігін мемлекет атынан мемлекеттік биліктің арнайы органы - сот ғана жүзеге асырады. Соттардың нақты тізімі ҚР-сы Конституциясында және сот жүйесі туралы заңда белгіленеді. Соттар мәртебелерінің ерекшелігі олардың ұйымдастыру тәртіптерімен байланысты. Аудандық (қалалық)

соттарды уәкілетті органның ҚР-сы Жоғарғы сот төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша ҚР-ның Президенті құрады, қайта құрады және таратады. Облыстық және оларға теңестірілген соттарды уәкілетті органның ҚР-сы Жоғарғы сот төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша ҚР-сы Президенті құрады, қайта құрады және таратады.

ҚР-сы судьялар корпусы екі тәсілмен жасақталады:

а) Жоғарғы сот төрағасын, Жоғарғы сот алқаларының төрағаларын, Жоғарғы сот судьяларын - ҚР-сы Жоғарғы сот кеңесінің кепілдемесі негізінде ҚР-сы Президентінің ұсынуымен ҚР-сы Парламенті Сенаты сайлайды.

б) Облыстық және оларға теңестірілген сот төрағаларын, облыстық сот алқалары төрағаларын, облыстық сот судьяларын - ҚР-сы Жоғарғы сот кеңесінің кепілдемесі негізінде ҚР-сы Президенті тағайындайды.

в) аудандық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларын, судьяларын - ҚР-сы Әділет біліктілік алқасының кепілдемесі негізінде ҚР-сы Әділет Министрі ұсынуымен ҚР-сы Президенті тағайындайды.

Сот төрелігі міндетті түрде іс жүргізушілік заңдылықтарға сәйкес жүзеге асырылады (ҚР-сы Қылмыстық істер жүргізу кодексі, ҚР-сы Азаматтық істер жүргізу кодексі, ҚР-сы Әкімшілік істер жүргізу кодексі). Сондықтан, іс жүргізушілік заңдылықтармен жүзеге асыру екі жолмен анықталынады:

а) қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді қарау арқылы (яғни, аталған істердің мән-жайларын анықтау мақсатында дәлелдемелерді зерттеу арқылы);

б) қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істерді шешу арқылы (яғни, аталған істер бойынша үкім, шешім шығару арқылы).

Қылмыстық, азаматтық істер әрқашанда сот мәжілісінде қаралады. Оның өзі мына жолдармен анықталынады:

а) сот мәжілісіне әрқашанда тараптардың қатысуы қажет - айыптау тарабы мен қорғау тарабы;

б) айыптау тарабы мен қорғау тарабы сот мәжілісінде дәлелдемелерді зерттеу кезінде тең құқықтарға ие болады.

Заңды күшіне енген шешімдер мен үкімдер заң күшіне ие болады, сөйтіп үкім және шешімді барлығы орындау міндетті болады. Ал, заңды күшіне енген шешімдер мен үкімдерді орындамау заң бойынша қылмыстық жауапкершілікке алып келеді. Сот актілерін тек ғана тұрған сот арқылы ғана өзгертіледі немесе жойылады. Сот төрелігі әрқашанда Конституцияда, сот жүйесі туралы заңда және тағы басқада заңдарда белгіленген принциптерге сүйенеді. Сот төрелігінің басты принциптері ҚР-сы Конституциясында белгіленгендіктен, олардың жоғары заң күші болады.

Сот төрелігі құқық қорғау қызметі болғандықтан, ҚР-нда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, мемлекеттік органдарының және қоғамдық ұйымдарының мүдделерін сақтауға бағытталады.

Сонымен, қорытынды жасасaq, онда сот төрелігі - бұл соттың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерді қарау мен шешу бойынша жүзеге асыратын құқық қорғау қызметі.

Құқық қорғау органдары, оның түсінігі мен жүйесі. Құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасында нақты органдар құрылады және оларды тиісінше құқық қорғау қызметінің органдары деп атайды. Құқық қорғау қызметтерінің мазмұнын, құқық қорғау қызметінің бағытын талдай отырып, құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдарына мыналарды жатқызуға болады:

а) соттар (ҚР-сы Жоғарғы соты, облыстық және оған теңестірілген соты, аудандық және оған теңестірілген соты);

б) прокуратура (ҚР-сы Бас прокуратура, облыстық және оған теңестірілген прокуратура, аудандық және оған теңестірілген прокуратура);

в) қылмыстарды анықтау мен тергеуді жүзеге асыратын органдар (ҚР-сы Ішкі істер Министрлігі және оның органдары, ҚР-сы Ұлттық қауіпсіздік комитеті және оның органдары, ҚР-сы Қаржы полициясы және оның органдары);

- г) Әділет Министрлігі және оның органдары;
- ғ) адвокатура;
- д) нотариат.

Осы құқық қорғау қызметтерін жүзеге асыратын органдардың ішінде сот органдары басты орында тұрады. Себебі;

- а) сот органдары - сот билігін құрайды;
- б) сот органдары арнайы тәртіптер бойынша құрылады;
- в) сот органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауда түпкілікті, соңғы шешім шығарады.

Құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдардан бөлек тұратын және олармен тығыз байланыста болатын және олардың жүйесінен шығатын - ол құқық қорғау органдары. Құқық қорғау органдарының ерекшелігі тек олар ғана қылмыстармен күреседі, қылмыстарды алдын алады, анықтап, жояды. Қылмыс жасаған тұлғаны анықтап, оны қылмыстық жауапқа тартады және жасалған қылмыс бойынша тергеу жүргізеді. Сондықтан, құқық қорғау органдарына мыналар жатады:

- а) ҚР-ның Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тергеу аппараты;
- б) ҚР-ның Ішкі істер министрлігінің тергеу аппараты;
- в) ҚР-ның Қаржы полициясының тергеу аппараты;
- г) Анықтау органдары.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау қызметі оқу пәнінің мәні мен жүйесі.

Қазақстан Республикасы құқық қорғау қызметі оқу пәнінің мәніне мыналар жатады:

1. құқық қорғау қызметтері;
2. құқық қорғау қызметтерінің басты бағыттары;
3. құқық қорғау қызметін жүзеге асыратын органдары мен құқық қорғау органдарының құрылысы.

“Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары” оқу пәнінің шеңберінде құқық қорғау қызметтерінің түсінігі, маңызы мен мазмұнына байланысты жалпы мәселелер қарастырылады.

“Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары” оқу пәнінің жүйесінде ерекше орында сот төрелігінің түсінігі мен маңызы тұрады.

Аталған оқу пәнінің жүйесінде, сонымен бірге, соттардың қызметтерін қамтамасыз етуді ұйымдастыру, прокурорлық қадағалау, қылмыстарды анықтау мен тергеу, заң көмектерін көрсету мәселелерін ашып қарастыруға бағытталады.

5. “Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары” курсының басқада құқықтық пәндерімен ара қатынасы.

“Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары” курсы құқық қорғау қызметтері туралы бастапқы мәліметтер беретін оқу пәні болғандықтан, ол басқада құқықтық пәндерімен тығыз байланыста болады.

Құқықтық пәндер жүйесінде, бірінші орында “Конституциялық құқық” пәні тұрады. Бұл оқу пәнінде Конституцияға сәйкес құқық қорғау органдарының алатын рөлі мен қызметіне жалпы сипаттама беріледі.

“Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары” курсы “Әкімшілік құқықпен” де байланысты. “Әкімшілік құқық” барлық мемлекеттік органдарының (оның ішінде, құқық қорғау органдарына ұқсас) ұйымдастырылуы мен қызмет жасау заңдылықтары зерттелінеді.

“Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары” курсы сонымен бірге, Мемлекет және құқық теориясымен, Мемлекет және құқық тарихы және тағы басқа құқықтық пәндерімен тығыз байланыста болады.

Нормативтік-құқықтық актілер мен әдебиеттер:

1. Кемали, Е.С. Қазақстан Республикасының сот және құқық қорғау органдары. Алматы - 2016ж.

2. Жүрсімбаев, С.К. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары . Алматы- 2010 ж.
3. Садыканова, Ж.Е. Соттың қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдануы. Өскемен - 2010ж.
4. Сәлкебаев, Т.С. Шет ел полициясының ұйымдастырылу-құқықтық негіздері және тәжірибесі. Алматы – 2009ж.
5. Қаржаубаев, Е.К. Қазақстан Республикасы сот билігінің құқықтық мәртебесі. Алматы – 2006ж.
6. Алиев, М.М. Қазақстан Республикасының сот жүйесі және құқық қорғау органдары Астана -2006ж.
7. Мами, К. Қазақстандағы сот реформасының даму кезеңдері. Астана – 2003ж.
8. www.zakon.kz
9. www.minjust.kz.